

057

**«Kaspi Bank» АҚ
екінші облигациялық бағдарламасының шегінде
шығарылған облигациялардың төртінші
шығарылымын орналастыру қорытындылары туралы
ЕСЕП**

Алматы қ.

**2013 жылғы 07 ақпаннан бастап 2013 жылғы 07 тамызға дейінгі
орналастыру кезеңі үшін екінші облигациялық бағдарламаның шегінде
шығарылған облигациялардың төртінші шығарылымын орналастыру
қорытындысы туралы
Есеп**

1. Эмитенттің атауы:

Толық атауы:

- мемлекеттік тілде: «Kaspi Bank» акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: Акционерное общество «Kaspi Bank»;
- ағылшын тілінде: «Kaspi Bank» Joint Stock Company.

Қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: «Kaspi Bank» АҚ;
- орыс тілінде: АО «Kaspi Bank»;
- ағылшын тілінде: «Kaspi Bank» JSC.

1-1. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер: «Банк Каспийский» ААҚ 1997 жылғы 4 желтоқсанда тіркелді, 2003 жылғы 1 тамызда «Банк «Каспийский» АҚ болып қайта тіркелді, 2008 жылғы 22 қазанда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі «Kaspi Bank» АҚ деп қайта тіркеді, тіркеу нөмірі: 3403-1900-АҚ КҰЖЖ коды: 15396305.

2. Эмитенттің орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 154 «А», Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің МОЕБ-дағы № KZ69125KZT1001300249 корреспонденттік шоты, БСК NBRKKZKX, БСН 971240001315. Телефон: (727) 258-59-55, факс: (327) 250-95-96. E-mail: office@kaspibank.kz.

Қызмет көрсететін банктің атауы мен оның орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің МОЕБ, 050040, Алматы қ., «Көктем-3» ықшам ауданы, 21-үй, БСК NBRKKZKX, БСН 941240001151. Телефоны: (727) 270-45-91, факс: (727) 270-47-03.

3. Облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі:

Облигациялар шығарылымы 2012 жылғы 21 желтоқсандағы Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне E05-4 нөмірімен енгізілді (ҰБН KZP04Y05E057).

4. Облигациялар туралы мәліметтер:

Шығарылым номиналды құны 100 теңге болатын, қамсыздандырусыз 100 000 000 (Жүз миллион) атаулы купондық облигацияға бөлінген. Облигациялар шығарылымының көлемі 10 000 000 000,00 KZT (Он миллиард теңгені) құрайды. Купондық сыйақының бекітілген мөлшерлемесі 8%.

5. Облигацияларды орналастыру туралы мәлімет:

- 1) Орналастыру кезеңі басталған күн және оның аяқталған күні көрсетілген бұрынғы есепті (есептерді) бекіту күні, орналастырылған облигациялардың саны және облигацияларды орналастырудың әр бұрынғы есептік кезеңі үшін жеке тартылған ақша сомасы, сондай-ақ облигацияларды орналастырмау туралы ақпаратты назарға алу күні: қоғам екінші облигациялық бағдарламаның шегінде шығарылған облигациялардың төртінші шығарылымының облигацияларын бірінші рет орналастырады. Есеп бірінші есептік кезеңі үшін беріледі.

- 2) есеп берілетін орналастыру кезеңінің басталған күні мен аяқталған күні: 2013 жылғы 07 ақпаннан бастап 2013 жылғы 07 тамызға дейінгі кезең үшін есеп берілді;
- 3) жазылу және аукцион арқылы бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында орналастырылған облигациялардың саны және тартылған ақша сомасы: облигациялар ұйымдастырылған нарықта орналастырылды.
- 4) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында облигацияларды орналастыру туралы ақпарат (сауда-саттықты ұйымдастырушы тізімінің санаты, облигацияларды орналастырудың аяқталған күніне облигациялардың нарықтық құны, сауда-саттықтағы ең жоғарғы баға және бірінші және соңғы сауда-саттықтардың күні, орналастырылған облигациялардың саны және тартылған ақша сомасы): сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан Қор биржасы» АҚ, «Рейтингтік бағалаумен борыштық бағалы қағаздар» KASE бағалы қағаздардың ресми тізімі, екінші облигациялық бағдарлама аясындағы облигациялардың төртінші шығарылымының нарықтық бағасы есептік кезең соңында 2013ж. 05 тамыздағы 99,996 KZT құрайды. Есептік кезеңдегі сауда-саттықтағы ең жоғары бағасы 99,9817 KZT, бірінші сауда-саттық күні 2013 жылғы 16 мамыр және соңғы сауда-саттық күні 2013 жылғы 30 мамыр, орналастырылған облигациялардың саны 99 700 000 дана, тартылған ақша сомасы 10 196 794 601,11 KZT (Он миллиард жүз тоқсан алты миллион жеті жүз тоқсан төрт мың алты жүз бір теңге 11 тиынды) құрайды;
- 5) есептік кезеңде орналастырылған облигациялардың саны және оларды айналысқа шығарған күннен бастап бұрын орналастырылған облигацияларды ескергенде барлығы: есептік кезеңде 99 700 000 дана орналастырылды және айналысқа шығарған күннен бастап бұрын орналастырылған облигацияларды ескергенде барлығы 99 700 000 дана облигация;
- 6) орналастырылған облигациялар туралы ақпарат, олардың ақысы эмитенттің бұрын шығарған, айналыс мерзімі өтіп кеткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленген, айналыс мерзімі өтіп кеткен, облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірін, осы облигациялардың түрін, санын көрсету: ақысы эмитенттің бұрын шығарған, айналыс мерзімі өтіп кеткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленген облигациялар орналастырылған жоқ;
- 7) есептік кезең аяқталған күні сатып алынған облигациялардың саны, сатып алу туралы шешімнің қабылданған күні, сондай-ақ оларды сатып алған кезде эмитенттің шеккен шығындарының сомасы: есептік кезең аяқталған күні сатып алынған облигациялар жоқ;
- 8) шет мемлекеттің аумағында орналастырылған облигациялардың саны, облигацияларды шет мемлекеттік аумағында орналастыруға уәкілетті органның рұқсатын алған күнді көрсету: шет мемлекеттің аумағында орналастырылған облигациялар жоқ;
- 9) облигацияларды шығару андеррайтерлері (эмиссиялық консорциумдар) туралы ақпарат: көзделмеген, 99 700 000 дана облигациялардың барлығын қоғам орналастырды. Қоғам нарықтық конъюнктура мен заем құралдарына деген өз қажеттіліктерін ескере отырып, облигацияларды орналастыруды жалғастыруды жоспарлап отыр;
- 10) Иелерінің санаты бойынша облигация иелерінің саны туралы мәлімет *:

БҚ ұстаушылардың санаты	Санаты бойынша БҚ ұстаушылар саны	Тиесілі БҚ саны
Резиденттер (барлығы)	3	99 700 000
соның ішінде:		
Зейнетақы қорлары	3	99 700 000
Сақтандыру ұйымдары	-	-
Екінші деңгейдегі банктер	-	-

Брокерлер-дилерлер	-	-
Банктік емес ұйымдар	-	-
Басқа да заңды тұлғалар	-	-
Резидент еместер (барлығы)	-	-
Басқа тұлғалар	-	-
ЖИЫНТЫҒЫ	3	99 700 000

Облигациялар резиденттерге орналастырылды. Аффилирленген тұлғаларға орналастырылған жоқ.

11) Орналастырылмаған облигациялардың саны: 300 000 дана.

5-1. Облигацияларды арнайы қаржы компаниясы шығарған кезде қосымша мынадай ақпарат беріледі: «Kaspi Bank» АҚ арнайы қаржы компаниясы емес;

6. Тіркеуші туралы мәліметтер:

Облигациялардың осы шығарылымының тіркеушісі – тіркеуші «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ, орналасқан мекенжайы: Алматы қ., 050000, Абылай хан даңғ., 141-үй, БСН120140005662. Телефон: (727) 272-47-60, факс: (727) 272-47-60, ішкі: 230. 2012ж. 11 қаңтардағы № 1678-1910-02-АО мемлекеттік тіркеу туралы куәлік. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі 2012ж. 22 қазандағы № 00235-АО шарт.

7. Бұқаралық ақпарат құралдарының атауы және облигациялар шығарылымы туралы ақпараттық хабарландырудың жария етілген күні:

Екінші облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигациялардың төртінші шығарылымы туралы ақпараттық хабарландыру «Kaspi Bank» АҚ-ның <http://www.kaspibank.kz/?f=show&ft=1&type=237&id=258943454643> мекенжайындағы интернет ресурсында жарияланды.

7-1. Кезекті сыйақыны төлеуге және (немесе) осы шығарылым облигацияларын өтеуге байланысты ықтимал мәселелердің және осы жағдайдан шығу үшін эмитенттің қолданатын шараларының сипаты: мүмкін мәселелер – өтімділіктің жетіспеушілігі. Дефолт болған кезде, облигацияларды шығару проспектісіне сай іс-шаралар қолданылатын болады.

7-2. Шығарылым проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзу жағдайлары туралы ақпарат: бұзушылық болған жоқ.

7-3. Облигацияларды орналастыру аяқталған күнгі леверадж мөлшері (қаржы ұйымдары леверадж мөлшерін көрсетпейді), бұрын шығарылған облигациялар бойынша дефолт жағдайларының болуы, облигацияларды ары қарай орналастырумен болған проблемалар: бұрын шығарылған облигациялар бойынша дефолт жағдайлары мен облигациялар орналастырумен проблемалар болған жоқ.

8. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу туралы мәлімет:

1) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі мен мерзімі: облигациялар бойынша купондық сыйақы жылына екі рет, сәйкесінше, әр алты ай сайын, облигацияларды өтеу мерзіміне дейін жыл сайын облигациялардың айналысқа енгізілген күнінен – 07 тамыз бен 07 ақпаннан бастап төленеді. Сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі: ұзақтығы 30 (отыз) күн болатын есептесу айы және ұзақтығы 360 (үш жүз алпыс) күн болатын есептесу жылы.

- 2) облигациялар бойынша сыйақы мөлшері немесе оның мөлшерін айқындау тәртібі: Есептік кезеңде осы шығарылым облигациялары бойынша төленген сыйақының жалпы сомасы: купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі (жылдық пайызбен) – облигацияның номиналды құнының 8%.

Төлем күніне купондық сыйақы облигацияның номиналды құнын купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесіне және 360 (үш жүз алпысқа) бөлінген купондық сыйақыны есептеу кезеңіндегі күн санының көбейтіндісі ретінде есептеледі. 2013 жылғы 08 тамыз – есептік кезеңде 398 800 000,00 KZT (Үш жүз тоқсан сегіз миллион сегіз жүз мың теңге) мөлшерінде купон төленді.

- 3) облигациялар бойынша сыйақыны төлеген кезде есептесу тәртібі: купондық сыйақы төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына қолма-қол жасалмайтын аудару арқылы төленеді. Купондық сыйақы төлеу үшін Тіркеуші төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінің басында тізілімді тіркейді.
- 4) егер облигациялар бойынша сыйақы уақтылы төленбеген жағдайлар орын алса, себептерін және эмитенттің қандай шараларды қолданғанын көрсету: сыйақыны уақтылы төлемеу жағдайлары орын алған жоқ.

* Облигациялардың иелері туралы толық ақпарат осы есепке қосымша тіркелген Бағалы қағазды ұстаушылар тізімінде бар.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



Ломтадзе М.Н.

Уәлибекова Н.А.